# Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2002 жылғы 27-28 қарашадағы Нидерланды Корольдігіне ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 12 ақпан N 151

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2002 жылғы 27-28 қарашадағы Нидерланды Корольдігіне ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-нидерланды ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2002 жылғы 27-28 қарашадағы Нидерланды Корольдігіне ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 ақпандағы N 151 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2002 жылғы 27-28 қарашадағы Нидерланды Корольдігіне ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындау үшін жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Мынадай құжаттардың күшіне енуі жөнінде қажетті мемлекетішілік рәсімдер жүргізу: | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 1.2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланды Корольдігінің Үкіметі арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық және әкімшілік өзара көмек туралы келісім | 2003 жылдың II тоқсаны | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |
| 1.3 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланды Корольдігінің Үкіметі арасындағы Тұрақты әуе қатынасы туралы келісім | 2003 жылдың IY тоқсаны | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 2 | Мынадай құжаттардың жобаларын қол қоюға дайындау: | | |
| 2.1 | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Ауыл шаруашылығы, табиғатты пайдалану және балық шаруашылығы министрлігі арасындағы ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2003 жылдың II тоқсаны | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.2 | Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономика министрлігі арасындағы PSO бағдарламасы шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум | 2003 жыл. дың II тоқсаны | Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| 3 | Дипломатиялық арналар арқылы Нидерланды Корольдігі Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасына сапарының мерзімдерін пысықтау | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Дипломатиялық арналар арқылы Нидерланды Корольдігі Сыртқы істер министрінің Қазақстан Республикасына сапарының мерзімдерін пысықтау | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Дипломатиялық арналар арқылы Нидерланды Корольді. гінің Парламенті делегация. сының Қазақстан Республика. сына сапарының мерзімдерін пысықтау | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | Нидерланды тарапымен мұнай-газ секторындағы ынтымақтас. тық: Каспий теңізі қайраңын игеру. дегі ынтымақтастық жөніндегі "Royal Dutch Shell" компания. сымен келіссөздері жалғастыру | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ |
| 7 | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Көлік, қоғамдық жұмыстар және су ресурстарын | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | басқару министрлігінің арасындағы Ақтау қаласында құрылатын Теңіз академиясына және Теңіз техникалық училищесіне (Көлік және коммуникациялар академиясы) әдіснамалық және ұйымдастырушылық көмек көрсету жөніндегі уағдаластықты іске асыру | | |
| 8 | Роттердам және Ақтау қалаларының порттары арасындағы ынтымақтастық пен өзара көмек жөнінде екіжақты құжатқа қол қою мүмкіндігін зерделеу | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Ақтау теңіз сауда порты (келісім бойынша) |
| 9 | Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігі арасындағы кеден ісі саласындағы ынтымақтастықты дамыту | Тұрақты | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |
| 10 | Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту: | Тұрақты | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 10.1 | тараптар ұйымдастыратын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері мен көрмелерге қазақстан және нидерланды фирмалары мен ұйымдарының қатысуы; | Тұрақты | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 10.2 | нидерланды тарапына ауыл шаруашылығы саласындағы қазақстандық инвестициялық жобаларды жолдау; | Тұрақты | |
| 10.3 | голландиялық фермерлер делегациясының Қазақстан Республикасына келу мерзімдерін пысықтау | 2003 жыл бойы | |
| 11 | Нидерланды тарапымен шағын және орта бизнес саласындағы ынтымақтастық: шағын бизнес саласындағы жекелеген қазақстандық | Тұрақты | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қаржы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жобаларға өз капиталдарын салуды жоспарлаған нидерланды кәсіпкерлеріне жәрдемдесу | | министрлігі |
| 12 | Нидерланды тарапымен әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық: ынтымақтастықтың басым бағыттарын анықтау жөнінде сарапшылар деңгейінде жұмыс барысындағы кездесулер өткізу; Қорғаныс министрлігінің Жоғары әскери-теңіз училищесінің қалыптасуы мен дамуына көмек көрсету; кеме жасау мәселелері бойынша әскери-техникалық ынтымақтастық; пирстарды, кеме жөндеу шеберханаларын салу мен жабдықтау жөніндегі консультациялар | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| 13 | Нидерланды тарапымен банк және қаржы саласындағы ынтымақтастық: банктік және қаржылық қызметтер көрсету көлемі мен спектрын кеңейту, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру секторын дамыту жөнінде екі жақты консультациялар жүргізу (Rabobank International ING Bank); The Netherlands Bank-тен техникалық көмек алу мүмкіншілігі; қаржылық қадағалау мәселелері бойынша тұрақты түрде ақпарат алмасу | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 14 | Нидерланды тарапымен мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық: | 2003 жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық |

Қазақстан Республикасында келісім министрлігі нидерланды суретшілерінің көрмесін және Нидерланды Корольдігінде қазақстандық суретшілердің көрмесін ұйымдастыру мүмкіншілігін қарастыру

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК